

«Педагогикалық әдеп кеңесін құру туралы»

ҚР БҒМ 11.05.2020ж №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. ЖШС «София Ана2» бөбекжай-бақшасында Педагогикалық әдеп кеңесі құрылсын.

2. Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына келесі педагогтар қосылсын:

Кеңес төрайымы: Валиханова Ж-Әдіскер ЖШС “Айым Апа

З.Бердиходжаева

Кеңес мүшелері: Б.Смайл -тәрбиеші

А Тосынова А- тәрбиеші

Г.Сейдуллаева - тәрбиеші

Н Қолдасова– тәрбиеші

А.Арсланова-тәрбиеші

3. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып Туктибаева К тағайындалсын.

4. Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы К.Туктибаева

-кеңестің жоспарын;

-кеңес қызметі туралы ережені әзірлеп, дайындасын

5. Кеңес мүшелерінің құрамы, Педагогикалық әдеп кеңесінің қызметі туралы ереже педагогикалық кеңес отырысында бекітілсін.

6. Бұйрықтың орындалуын бақылауды өзім қалдырамын.

ЖШС «София Ана2» бөбекжай-бақшасы

бақшасы меңгеруші



З.Бердиходжаева

Бекітемін:
ЖШС «София-Алаш» бөбөкжай-бақшасы
меңгерушісі С.Бердиходжаева



**2024–2025 оқу жылындағы педагогикалық әдеп кеңесінің
жұмыс жоспары**

P/c	Мазмұны	Мерзімі	Аяқталу нысаны
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің №1 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп кеңесінің комиссия құрамын бекіту және ережелерімен таныстыру. 2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы.	Қыркүйек 2024 жылы	Хаттама
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің №2 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық қарым - қатынас мәдинеті (әріптес, ата-ана, бала) 2. Қоғамдық ортада педагогтың өзін ұстау мәдениті	Желтоқсан 2024 жылы	Хаттама
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің №3 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау кәсіби міндет 2. Даулы жағдайларды этикалық тұрғыда шешу жолдары	Ақпан 2025 жылы	Хаттама
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің №4 отырысы. Күн тәртібінде: 1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы және өзін-өзі жетілдіру 2. Әдептілік-сапалы білім мен тәрбие негізі	Сәуір 2025 жылы	Хаттама

ЖШС «София Ана2» бөбекжай бақшасы

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

хаттамасы №1

Қатысқандар: 5 педагог

Өткізілген күні: 25 қыркүйек 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп ережелерімен таныстыру және бекіту, комиссия құрамын сайлап, бекіту.

Кеңес төрағасы: З.Бердиходжаева

2. Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы.

Кеңес мүшесі: Сейдуллаева Г

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы З.Бердиходжаева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері! Меңгеруші З.Бердиходжаева сөз сөйлеп, Қазақстан Республикасы педагогтарының Әдеп кодексіне сәйкес мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, педагогтердің кәсіби мәдениетін арттыру және педагогикалық әдеп талаптарының орындалуын бақылау мақсатында педагогикалық әдеп кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың маңыздылығына тоқталды.

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп кеңесінің негізгі міндеттерімен, құқықтары мен жұмыс тәртібі көрсетілген ережемен таныстырылды. Кеңес қызметінің негізгі мақсаты – педагогтердің кәсіби әдебін нығайту, ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыру, педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына ықпал ету екендігі айтылды. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Кеңестің негізгі міндеттері:

- педагогтердің педагогикалық әдеп нормаларын сақтауын қамтамасыз ету;
- қызметтік әдеп талаптарының орындалуын бақылау;
- педагогтердің кәсіби беделін арттыру;
- тәрбиеленушілердің құқықтары мен қадір-қасиетін құрметтеуді насихаттау;

-ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыру;

-педагогикалық әдеп нормаларының бұзылуының алдын алу.

Сонымен қатар кеңес педагогтерге кәсіби қызмет барысында туындайтын әдептік мәселелер бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, қажет болған жағдайда ұсынымдар береді.

Меңгеруші З.Бердиходжаева педагогикалық әдеп кеңесінің құрамына енгізілетін педагогтердің кандидатураларын ұсынды.

Педагогикалық әдеп кеңесінің құрамы төмендегідей бекітілсін:

Кеңес төрайымы: Валиханова Ж-Әдіскер ЖШС “Айым Апа

З.Бердиходжаева

Кеңес мүшелері: Б.Смайл -тәрбиеші

А Тосынова А- тәрбиеші

Г.Сейдуллаева - тәрбиеші

Н Қолдасова– тәрбиеші

А.Арсланова-тәрбиеші

Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы болып Туктибаева К тағайындалсын.

Педагогикалық әдеп кеңесінің хатшысы К.Туктибаева

Ұсынылған құрам бірауыздан қолдау тапты.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Сейдуллаева сөз алды:

Педагогтың сыртқы келбеті мен кәсіби этикасы – оның кәсіби мәдениетінің ажырамас бөлігі.

Тәрбиеші – балаға үлгі болатын тұлға. Сондықтан педагогтің сыртқы келбеті әрдайым ұқыпты, жинақы, таза және қызметтік талаптарға сай болуы тиіс.

Педагогтің киім үлгісі ресми әрі қарапайым стильде, жұмыс жасауға ыңғайлы болуы қажет.

Сонымен қатар педагог:

-сөйлеу мәдениетін сақтауы;

-дауыс ырғағын дұрыс қолдануы;

-балалармен мейірімді қарым-қатынас орнатуы;

-ата-аналармен және әріптестермен өзара сыйластық негізінде жұмыс жүргізуі;

-қызметтік этиканы сақтауы;

- әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеуі;
- жұмыс уақытында қызметтік тәртіпті қатаң сақтауы;
- өзін-өзі ұстай білуі және кәсіби мәдениетін үнемі жетілдіруі тиіс.

Педагогтің сыртқы келбеті, сөйлеу әдебі және мінез-құлқы тәрбиеленушілердің тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер етеді. Сондықтан әрбір педагог өзінің кәсіби имиджіне жауапкершілікпен қарауы қажет.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрағайымы З.Бердиходжаева

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогикалық әдеп қағидалары жан-жақты қарастырылып, педагогтің кәсіби этикасы мен сыртқы келбетіне қойылатын талаптар талқыланды.

Педагогтің кәсіби мәдениеті – білім беру ұйымының беделін қалыптастыратын маңызды көрсеткіштердің бірі. Сондықтан әрбір қызметкер өз қызметінде педагогикалық әдеп талаптарын бұлжытпай сақтап, тәрбиеленушілер мен ата-аналарға үлгі болуға тиіс.

Ұжымдағы өзара құрмет пен ынтымақтастық сапалы тәрбие мен білім берудің кепілі болып табылады.

Кеңес шешімі:

1. ЖШС «София Ана2» бөбекжай-бақшасының педагогикалық әдеп қағидалары бекітілсін және Педагогикалық әдеп кеңесінің жоғарыда көрсетілген құрамы бекітілсін.
2. Барлық педагогтер педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті қызмет барысында қатаң сақтасын.
3. Педагогтердің сыртқы келбеті мен кәсіби этикасының сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
4. Ата-аналармен, тәрбиеленушілермен және әріптестермен қарым-қатынаста педагогикалық мәдениет талаптары орындалсын.
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасына жүктелсін.

Кеңес төрайымы  З.Бердиходжаева

Хатшы: Туктибасов



ЖШС «София Ана2» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№2 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 5 педагог

Өткізілген күні: 19 желтоқсан 2024 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті (әріптес, ата-ана, бала).

Баяндамашы: Кеңес төрайымы З.Бердиходжаева

2. Қоғамдық ортада педагогтың өзін ұстау мәдениеті.

Баяндамашы: Кеңес мүшесі Б.Смайл

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы З.Бердиходжаева сөз алды:

Құрметті педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері!

Бүгінгі отырыстың бірінші мәселесі педагогикалық қарым-қатынас мәдениетіне арналды. Педагогтің кәсіби қызметінің сапасы оның тәрбиеленушілермен, ата-аналармен және әріптестерімен орнатқан қарым-қатынасына тікелей байланысты.

Педагогикалық қарым-қатынас – өзара сенімге, құрметке, ынтымақтастыққа және жауапкершілікке негізделген кәсіби байланыс. Педагог барлық жағдайда әдептілік танытып, әрбір адамның жеке пікірін құрметтей білуі тиіс.

Әріптестермен қарым-қатынаста педагог:

-бір-біріне құрметпен қарауы;

-қызметтік әдеп талаптарын сақтауы;

-ұжымда жағымды моральдық-психологиялық ахуал қалыптастыруға үлес қосуы;

-кәсіби тәжірибемен бөлісуі;

-дау-дамай туындаған жағдайда оны мәдениетті түрде шешуі қажет.

Ата-аналармен қарым-қатынаста педагог:

-ата-аналарды баланың тәрбиесіндегі негізгі серіктес ретінде қабылдауы;

-сыпайы әрі мәдениетті сөйлесуі;

- әрбір ата-ананың пікірін құрметтеуі;
- баланың жетістіктері мен даму ерекшеліктері туралы дұрыс ақпарат беруі;
- ата-аналардың ұсыныстары мен пікірлеріне түсіністікпен қарауы тиіс.

Балалармен қарым-қатынаста педагог:

- әр баланың жеке тұлғасын құрметтеуі;
- бала құқығын сақтауы;
- жылы жүзді, мейірімді болуы;
- ешқандай кемсітуге, қорқытуға немесе дөрекілікке жол бермеуі;
- балалар арасында өзара сыйластық пен достық қарым-қатынасты қалыптастыруы қажет.

Баяндамашы педагогикалық қарым-қатынас мәдениеті тәрбие сапасын арттырып, білім беру ұйымының беделін көтеретінін атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Б.Смайл сөз алды:

Педагог – қоғам алдында үлкен жауапкершілік жүктелген тұлға. Оның қоғамдық орындардағы мінез-құлқы, сөйлеу мәдениеті және өзін ұстауы педагог мамандығының беделін айқындайды.

Қоғамдық ортада педагог:

- Қазақстан Республикасының заңдарын және қоғамдық тәртіпті сақтауы;
- жоғары мәдениеттілік танытуы;
- мемлекеттік қызметкерге тән әдеп нормаларын ұстануы;
- қоғамдық орындарда сыпайы сөйлеуі;
- киім үлгісінің ұқыпты әрі жинақы болуына мән беруі;
- әлеуметтік желілерде кәсіби беделіне нұқсан келтіретін жарияланымдардан аулақ болуы;
- көпшілік алдында білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс.

Сонымен қатар педагог:

- қоғамдық іс-шараларға белсенді қатысуы;
- мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуі;
- ұлттық құндылықтарды насихаттауы;
- салауатты өмір салтын ұстануы;

-жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға үлес қосуы қажет.

Баяндамашы педагогтің әрбір әрекеті балаларға, ата-аналарға және қоғамға үлгі болуы керектігін ерекше атап өтті.

Талқылау барысында:

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп талаптарын сақтау әрбір педагогтің кәсіби міндеті екенін айтып өтті.

Педагогтер ата-аналармен ашық диалог жүргізудің, ұжымдағы бірлікті нығайтудың және қоғамдық орындарда педагог мәртебесіне лайық мінез-құлық көрсетудің маңыздылығын талқылады.

Сонымен қатар әлеуметтік желілерде жарияланатын ақпараттың мазмұнына жауапкершілікпен қарау, ұйымның беделіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрайымы З.Бердиходжаева

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі қаралған мәселелер әрбір педагогтің кәсіби қызметінде ерекше орын алады. Педагогтің қарым-қатынас мәдениеті мен қоғамдық ортадағы мінез-құлық білім беру ұйымының беделіне, тәрбиеленушілердің тұлғалық дамуына және ата-аналардың сеніміне тікелей әсер етеді.

Сондықтан әрбір педагог педагогикалық әдеп қағидаларын сақтап, жоғары кәсіби мәдениеттің үлгісін көрсетуі тиіс.

Кеңес шешімі:

1. Педагогтердің әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынасында педагогикалық әдеп қағидалары қатаң сақталсын.
2. Педагогтердің сөйлеу мәдениеті мен кәсіби этикасын жетілдіру мақсатында түсіндіру және тәжірибе алмасу жұмыстары тұрақты жүргізілсін.
3. Қоғамдық орындарда және әлеуметтік желілерде педагог мәртебесіне сай мінез-құлық нормаларын сақтау барлық педагогтерге міндеттелсін.
4. Ұжымда өзара сыйластық пен ынтымақтастыққа негізделген жұмыс ортасы қалыптастырылсын.
5. Педагогикалық әдеп талаптарының орындалуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасына жүктелсін.

Кеңес төрайымы  Бердиходжаева

Хатшы: К.Туктияев



ЖШС «София Ана2» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№3 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 5 педагог

Өткізілген күні: 10 ақпан 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – кәсіби міндет.

Баяндамашы: Кеңес төрайымы З.Бердиходжаева

2. Даулы жағдайларды этикалық тұрғыда шешу жолдары.

Баяндамашы: Кеңес мүшесі Қолдасова Н

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы З.Бердиходжаева сөз алды:

Қайырлы күн, құрметті педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері!

Бүгінгі отырыстың бірінші мәселесі педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әрбір педагогтің кәсіби міндеті екендігіне арналды.

Педагогикалық әдеп – педагогтің кәсіби қызметіндегі мінез-құлық мәдениетін, адамгершілік қасиеттерін, жауапкершілігін және кәсіби беделін айқындайтын негізгі қағидалардың бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» заңдарына және педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әрбір педагог:

- өзінің кәсіби міндеттерін адал әрі сапалы орындауға;
- тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға;
- әріптестерімен өзара сыйластық қарым-қатынасты сақтауға;
- ата-аналармен ашық әрі мәдениетті байланыс орнатуға;
- қызметтік ақпараттың құпиялылығын сақтауға;
- педагог мәртебесіне нұқсан келтіретін әрекеттерден аулақ болуға;
- кәсіби шеберлігін үнемі жетілдіруге міндетті.

Баяндамашы педагогикалық әдеп талаптарының сақталуы ұжымдағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастырып, білім беру ұйымының беделін арттыратынын атап өтті.

Сонымен қатар педагогтерге келесі мәселелер түсіндірілді:

- қызмет барысында бейтараптық пен әділдікті сақтау;
- тәрбиеленушілерге тең дәрежеде қарау;
- дөрекі сөздер қолданбау;
- қызметтік әдеп талаптарын бұзатын әрекеттерге жол бермеу;
- әлеуметтік желілерде кәсіби беделге кері әсер ететін жарияланымдар жасамау;
- педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті қызметте басшылыққа алу.

Педагогикалық әдепті сақтау – тек заң талабы ғана емес, әр педагогтің адамгершілік және кәсіби жауапкершілігі екендігі ерекше атап өтілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Б.Смайыл сөз алды:

Даулы жағдайлар кез келген еңбек ұжымында кездесуі мүмкін. Мұндай жағдайларда педагог ең алдымен сабырлылық танытып, мәселені әдептілік пен өзара түсіністік негізінде шешуге ұмтылуы қажет.

Даулы жағдайлардың негізгі себептері:

- ақпараттың дұрыс жеткізілмеуі;
- өзара түсініспеушілік;
- эмоцияға берілу;
- қызметтік міндеттердің нақты бөлінбеуі;
- ата-аналармен байланыс барысында туындайтын келіспеушіліктер.

Осындай жағдайларда педагог:

- қарсы тараптың пікірін соңына дейін тыңдай білуі;
- дауыс көтермеуі;
- мәселені көпшілік алдында емес, жеке сөйлесу арқылы шешуге тырысуы;
- дәлелді әрі сыпайы сөйлеуі;
- қызметтік әдеп талаптарын сақтауы;
- баланың мүддесін бірінші орынға қоюы;

-қажет болған жағдайда ұйым әкімшілігінің немесе педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің көмегіне жүгінуі қажет.

Ата-аналармен туындаған келіспеушілік кезінде:

- мәселені сабырлы түрде талқылау;
- нақты деректерге сүйену;
- эмоциялық қысымға жол бермеу;
- екі жаққа да тиімді шешім қабылдауға ұмтылу ұсынылды.

Әріптестер арасындағы даулы мәселелерде:

- өзара сыйластық сақтау;
- кәсіби этиканы бұзбау;
- бір-бірінің ар-намысына тиетін сөздер айтпау;
- мәселені ұйым ішінде шешуге басымдық беру қажеттілігі айтылды.

Сонымен қатар педагогтерге жанжалдың алдын алу мақсатында тиімді қарым-қатынас, эмоционалдық тұрақтылық және конфликтіні басқару дағдыларын жетілдіру ұсынылды.

Талқылау барысында:

Кеңес мүшелері педагогикалық әдеп нормаларын сақтау ұжымдағы ынтымақтастықты нығайтып, тәрбиеленушілерге қолайлы орта қалыптастыратынын айтты.

Педагогтер даулы жағдайларды шешуде өзара құрмет, сабырлылық және кәсіби мәдениет басты қағида болуы тиіс деген пікір білдірді.

Сонымен қатар педагогикалық әдеп талаптарының бұзылуының алдын алу мақсатында түсіндіру жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру туралы ұсыныстар енгізілді.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрайымы З.Бердиходжаева

Құрметті әріптестер!

Бүгін қаралған мәселелер педагогтің кәсіби қызметінде ерекше орын алады.

Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау – әр педагогтің кәсіби міндеті ғана емес, оның қоғам алдындағы жауапкершілігінің көрінісі.

Даулы жағдайларды заң талаптарына, педагогикалық әдеп қағидаларына және өзара құрметке сүйене отырып шешу – ұжымдағы бірлік пен ұйымның оң беделін сақтаудың негізгі шарты.

Әрбір педагог өзінің кәсіби қызметінде адамгершілік, әділдік және жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алуы қажет

Кеңес шешімі:

1. Барлық педагогтер педагогикалық әдеп нормаларын күнделікті кәсіби қызметінде қатаң сақтасын.
2. Әріптестермен, ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынаста өзара сыйластық, мәдениеттілік және кәсіби этика талаптары басшылыққа алынсын.
3. Даулы жағдайлар туындаған кезде оларды педагогикалық әдеп қағидалары негізінде, келіссөз және өзара түсіністік арқылы шешу қамтамасыз етілсін.
4. Педагогтердің жанжалды жағдайларды басқару және тиімді коммуникация дағдыларын жетілдіруге бағытталған әдістемелік жұмыстар жүйелі түрде ұйымдастырылсын.
5. Педагогикалық әдеп талаптарының сақталуына тұрақты мониторинг жүргізіліп, қажетті жағдайда профилактикалық түсіндіру жұмыстары өткізілсін.
6. Осы шешімнің орындалуын бақылау педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасына жүктелсін.

Кеңес төрайымы

Хатшы: К.Туктиб



Бердиходжаева

ЖШС «София Ана2» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының

№4 ХАТТАМАСЫ

Қатысқандар: 5 педагог

Өткізілген күні: 18 сәуір 2025 жыл

Күн тәртібінде:

1. Педагогтың жеке тұлғалық дамуы және өзін-өзі жетілдіру.

Баяндамашы: Кеңес төрайымы З.Бердиходжаева

2. Әдептілік – сапалы білім мен тәрбиенің негізі.

Баяндамашы: Кеңес мүшесі Туктибаева к

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрағасы З.Бердиходжаева сөз алды:

Құрметті педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері!

Бүгінгі кеңес отырысының алғашқы мәселесі педагогтің жеке тұлғалық дамуы мен кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруіне арналды.

Қазіргі заман педагогі – тек білім беруші ғана емес, жаңашылдыққа ұмтылатын, кәсіби шеберлігін үнемі дамытып отыратын, өзін-өзі жетілдіруге бейім тұлға болуы қажет. Педагогтің жеке тұлғалық дамуы оның кәсіби құзыреттілігіне, тәрбиеленушілермен қарым-қатынасына және білім беру сапасына тікелей ықпал етеді.

Қазақстан Республикасының «Педагог мәртебесі туралы» Заңы мен педагогикалық әдеп қағидаларына сәйкес әрбір педагог өзінің кәсіби білімін тұрақты жетілдіруге, жаңа педагогикалық технологияларды меңгеруге және шығармашылық ізденіске ұмтылуға міндетті.

Баяндамашы педагогтің өзін-өзі жетілдіру бағыттарына тоқталды:

кәсіби біліктілікті арттыру курстарына қатысу;

педагогикалық оқуларға, семинарлар мен конференцияларға қатысу;

инновациялық педагогикалық технологияларды меңгеру;

цифрлық білім беру ресурстарын тиімді пайдалану;

ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді тұрақты оқу;

кәсіби тәжірибе алмасу жұмыстарын жүргізу;

авторлық бағдарламалар мен әдістемелік құралдар әзірлеу;

шығармашылық және зерттеушілік қызметпен айналысу.

Сонымен қатар педагогтің жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту мәселелері де қарастырылды.

Педагог:

жауапкершілігі жоғары;

адал;

әділ;

сабырлы;

еңбекқор;

ұйымдастырушылық қабілеті жоғары;

жаңашылдыққа ашық;

өзін-өзі бағалай және жетілдіре алатын тұлға болуы тиіс

Өзін-өзі жетілдіру – педагогтің кәсіби өсуінің негізгі көрсеткіші екендігі ерекше атап өтілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша кеңес мүшесі К.Туктибаева сөз алды:

Екінші мәселе бойынша баяндама «Әдептілік – сапалы білім мен тәрбиенің негізі» тақырыбында жүргізілді.

Баяндамашы өз сөзінде педагогикалық әдеп – білім беру ұйымындағы қолайлы психологиялық ахуалды қалыптастыратын негізгі құндылықтардың бірі екенін атап өтті.

Әдепті педагог:

-тәрбиеленушілерге құрметпен қарайды;

-әріптестерімен өзара сыйластықта жұмыс істейді;

-ата-аналармен серіктестік қарым-қатынас орнатады;

-қызметтік мәдениетті сақтайды;

-заң талаптарын орындайды;

-кәсіби беделін жоғары ұстайды.

Педагогтің әдептілігі балалардың тұлғалық қалыптасуына үлкен ықпал етеді. Балалар ең алдымен тәрбиешінің сөйлесу мәдениетін, қарым-қатынасын, мінез-құлқын және іс-әрекетін үлгі етеді.

Сондықтан педагог:

- сөйлеу мәдениетін сақтауы;
- әрдайым сыпайы болуы;
- тәрбиеленушілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуі;
- балаларға психологиялық қысым көрсетпеуі;
- дауыс көтермеуі;
- әр баланың жеке ерекшелігін ескеруі;
- қауіпсіз әрі жайлы білім беру ортасын қалыптастыруы қажет.

Ата-аналармен жұмыс барысында педагог:

- кәсіби этиканы сақтауы;
- түсіністікпен қарауы;
- мәселені мәдениетті түрде талқылауы;
- бала мүддесін бірінші орынға қоюы тиіс.

Әріптестер арасында:

- өзара қолдау көрсету;
- бір-бірінің пікірін құрметтеу;
- кәсіби ынтымақтастықты дамыту;
- қызметтік әдепті сақтау – ұжымның тұрақты әрі нәтижелі жұмысының кепілі екендігі айтылды.

Баяндамашы педагогикалық әдеп талаптарын сақтау білім беру сапасын арттырумен қатар ұжымның оң имиджін қалыптастыратынын ерекше атап өтті.

Талқылау барысында:

Кеңес мүшелері педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы қазіргі заман талабы екенін атап өтті.

Педагогтер өздерінің кәсіби біліктілігін арттыру, шығармашылық жұмыстармен айналысу және жаңа технологияларды меңгеру жөнінде пікір алмасты.

Сонымен қатар ұжымда педагогикалық әдеп қағидаларын сақтау, өзара құрмет пен сенімге негізделген қарым-қатынасты нығайту бойынша ұсыныстар айтылды.

Кеңес мүшелері әдептілік – сапалы тәрбие мен білім берудің басты шарты деген ортақ пікірге келді.

Қорытынды сөз:

Кеңес төрағасы:

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі отырыста педагогтің кәсіби және тұлғалық дамуы, сондай-ақ педагогикалық әдептің білім беру сапасындағы маңызы жан-жақты талқыланды.

Өзін-өзі үздіксіз жетілдіретін, кәсіби мәдениеті жоғары, әдеп нормаларын сақтайтын педагог қана тәрбиеленушілерге сапалы білім мен саналы тәрбие бере алады.

Әдептілік, жауапкершілік, кәсібилік және үздіксіз даму – әр педагогтің басты қағидалары болуы тиіс.

Кеңес шешімі:

1. Барлық педагогтер кәсіби құзыреттіліктерін арттыру және өзін-өзі жетілдіру жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсін.
2. Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарына, семинарларға, конференцияларға және әдістемелік іс-шараларға қатысуы қамтамасыз етілсін.
3. Педагогикалық әдеп қағидаларын күнделікті кәсіби қызметте басшылыққа алу міндеттелсін.
4. Әріптестермен, тәрбиеленушілермен және ата-аналармен қарым-қатынаста әдептілік, сыйластық және кәсіби мәдениет талаптары сақталсын.
5. Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға бағытталған жұмыстар жалғастырылсын.
6. Педагогтердің жеке тұлғалық дамуы мен кәсіби шеберлігін арттыру бойынша әдістемелік жұмыстар жыл бойы ұйымдастырылсын.
7. Осы шешімнің орындалуын бақылау Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес төрағасына жүктелсін.



Кеңес төрайымы

З.Бердиходжаева

Хатшы: К.Туктасва